2023-2024 оқу жылында мектепте баскетбол, футбол, бес тас, асық ату, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, шаңғы, волейболдан қыздар арасында үйірме ашылды. Жыл басынан бастап командалар бірнеше жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Үйірмелер мен спорт секцияларына қатыса отырып, балалар бос уақыттарын жеке тұлғаны дамыту үшін оң мақсатта пайдаланады. Оларға мектеп спорт залы, би залы, стадион, шахмат алаңы, ұлттық ойын алаңы ұсынылды. Мектепте оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру үшін жақсы жағдайлар жасалған деп айтуға болады. Барлық үйірмелер тегін өткізіледі, бір жылға арналған бағдарламалар мен тақырыптық жоспарлар жасалды. Спорт секциялары мен дене шынықтыру сабақтары таза ауада жылы мезгілде ұйымдастырылады немесе спорт залында тұрақты желдету қамтамасыз етіледі. Үйірмелер мен спорт секциялары кестеге сәйкес, оқушылардың өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз етудің барлық нормаларын сақтай отырып жүргізіледі. Астана қаласы Тоғызқұмалақ Федерациясының қолдауымен «Зияткер бала» тоғызқұмалақ турнирін 2-4 сынып оқушылары арасында қалалық деңгейде А.К. Омарова өткізді. Астана қаласы мектептері арасында қалалық деңгейде волейболдан 7-8 сынып қыздары арасында «Mukhtar Cup» турнирін Н.А. Айтмұханбет өткізді. Астана қаласы Асық федерациясының жоспарына сай «Бес асық» турнирін А.У. Ускенбаева өткізді. Оқу жылының БЖСО «Өркен» орталығының жоспарына сай қаңтар айында «Ұлттық ойындарды үйрету және оқыту әдістері» атты қалалық практикалық-семинар өткізіп, қала мұғалімдерімен тәжірибе бөлісу жасалды. Семинарға алаңдар бойынша Омарова А.К, Ускенбаева А.У, Есенгельдина Г.А, Дәуір А.Д жауапты болып, өткізіп, жоғары деңгейде бағаланды.

2023-2024 оқу жылында № 86 мектеп-гимназиясында мектепшілік үйірмелерге және секцияларға қатысқан оқушылар саны – 1753, мектептен тыс үйірмелерге қатысқан оқушылар саны – 513 оқушы.

Зерделеу жылдарындағы мектепшілік пен мектептен тыс үйірмелер мен спорт секцияларына қатысушы оқушылардың қатысы санмен салыстырмалы көрсеткішті төмендегі диаграммадан көруге болады:



Талдау нәтижесінде, жыл сайын бастауыш сынып оқушылары үйірмелер мен спорт секцияларына белсенді қатысатыны анықталды.

2024 жылғы қыркүйектегі көрсеткіш жағдайы бойынша үйірме жұмыстарына 2266 оқушы тартылған, бұл оқушылардың жалпы санының (2266 адам) 71,8%-ға жуығын құрайды. Айта кетерлігі, кейбір балалар мектепте 2-3 үйірмеге барады. Үйірмелер мен спорт секцияларының жұмысын талдау нәтижесінде ұл балалардың жақсы нәтиже көрсетіп жүргені анықталды. Мәселен, бастауыш сынып оқушылары шахмат үйірмесіне белсене қатысып, жұмыс нәтижесінде шахмат тақтасында шарлауды, шахмат кодексінің ережелерін бұзбай, әр фигураны жеке және басқа фигуралармен біріктіріп ойнауды үйренді. Үйірмеге тартылған оқушылар шахматтан жыл сайынғы мектеп біріншілігіне, қалалық, республикалық, халықаралық жарыстарға жүйелі түрде қатысып, жүлделі орындарды иеленуде.

2022-2023 оқу жылында мектепшілік үйірмелер мен спорт секцияларына 1500 оқушы қатысса, 2023-2024 оқу жылында 1753 оқушы, 2024-2025 оқу жылында 1815 оқушы қатысады.

Мониторинг нәтижелерін талдау бойынша, 1-11 сыныптарда 2266 оқушының үйірмелерге, спорт секцияларына және қоғамдық үйірмелерге белсенді қатысатынын көрсетті, бұл оқушылардың жалпы санының (2266 адам) 71,8% дерлік құрайды. Есепті кезеңде 5-11 сыныптарда 300-ге жуық оқушы Олимпиадалық резервте тұр. Сонымен, талдау нәтижелеріне сүйенсек, негізінен 5-11 сынып оқушылары үшін мектептен тыс іс-шараларды ұйымдастыруға тек дене шынықтыру және спорт бөлімінің мұғалімдері тартылып, балаларды түрлі спорт секцияларымен қамтамасыз ететіндігі анықталды. Спорттық секция жұмыстары жыл бойы өз жоспарларына сай жүргізіліп отырды.

4.5. Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейіндік оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері)

Осы өлшем бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымы білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып бейінді оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейін жалпы орта білім беру бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады.

10-11 сынып оқушылары қоғамдық-гуманитарлық бағытқа басымдық берген

10-сыныптарға қоғамдық гуманитарлық бағытта «Ежелгі дәуір әдебиеті» элективті курсы. 2024 жылғы 26 шілдедегі қалалық оқу-әдістемелік Сараптамалық кеңес отырысының №2 хаттамасы. Авторлары Ғ.Сарива., Д.Ш.Пазылова.

10 -сыныптарға-1 сағат «Әуезовтану тағылымы» таңдау курсы. 2024 жылғы 18 наурыздағы қалалық оқу-әдістемелік сараптамалық кеңес отырысының № 1 хаттамасы. Авторы Ж.Ахметова.

Гимназия компонентіне:

10-сыныптарда «Эссе жазу алгоритмі» 2021 жылғы 5 тамыздағы ҚҒӘ кеңес отырысының №4 хаттамасы негізінде енгізілді. Авторы: Аниязова М.О.

11-сыныпта – «Оқу сауаттылығы» 2023 жылғы 24 наурыздағы ҚҒӘ кеңес отырысының №2 хаттамасы негізінде енгізілді. Авторы: Атантаева З.С.

10,11 сыныпта - «Әуезді сөз» -1 сағат 2022 жылғы 28 қарашадағы ҚҒӘ кеңес отырысының №1 хаттамасы негізінде енгізілді. Авторы: Ғалымжанов Б.Ғ., Елюбава Г.Т

10,11 сыныптарда «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен эссе жазудың тиімді әдістері» 2022 жылғы 25 ақпандағы қалалық ғылыми-әдістемелік кеңес отырысының №2 хаттамасы негізінде енгізілді. Авторы: Хамзина Г.С., Мұса А.С

11-сыныптарға - 1 сағат «Ежелгі әлем тарихы» элективті курс. 2024 жылғы 18 наурыздағы қалалық оқу-әдістемелік сараптамалық кеңес отырысының № 1 хаттамасы. Авторы С.Қ.Жакалакова

Бейіндік оқыту қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағытта жүзеге асырылады. Бұл бағытты таңдалуы оқушылар мен ата-аналардың сұраныстарының негізінде қажеттіліктеріне орай жүзеге асырылды. Саралап оқытуды жүзеге асыру мақсатында және оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін кәсіби - бағытталған бейіндік пәндер енгізілді.

Бастауыш және негізгі орта, жалпы орта білім деңгейлері бойынша вариативтік компоненттің бағдарламалары 2024 жылы 29 тамыз айында өткізілген педагогикалық кеңес шешімімен (№1 хаттама) бекітілген.

Сабақ кестесі жасалып бекітілді. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары «Kundelik.kz» электронды журналында толтырылды.

10-11 сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығындағы (өзгерістермен, толықтырулармен) үлгілік оқу жоспарына сай жасалған. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік; орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. 4 қосымша 2-тарау 14-тармақ

«Бейінді оқыту білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері негізінде жүзеге асырылды. Осыған байланысты оқытудың екі деңгейінде оқу пәндерін таңдаудың икемді жүйесі ұсынылады. Білім алушы қалауынша өздеріне маңызды оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейлеріндегі оқу пәндерін таңдайды. Стандарттық деңгейдегі бейіндік емес оқу пәндері оқытылады және 4 тарау 39 тармағы «Әр бағыттағы бейіндік оқу пәндері бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер тиісінше оқытудың стандарттық және тереңдетілген деңгейлері бойынша көрсетілген және олар оқыту бейінінің ерекшелігіне сәйкес келеді» талаптары орындалып отыр. Мектеп негізіне мектеп – гимназия статусына сай қоғамдық – гуманитарлық бағытқа негізделген. Білім алушылар мен олардың ата – аналарының өтініші бойынша 10-11 сыныптарда әр жыл сайын кестеде көрсетілгендей жаратылыстану-математика бағыты бойынша сыныптар ашылып оқытылып келеді.

Бейіндік оқу бойынша сынып комплектісі.

2022-2023		2023-2024		2024-2025	
10-сынып	11-сынып	10-сынып	11-сынып	10-сынып	11-сынып
2	2	3	2	2	3

4.5 Кәсіптік бағдар беру және жоғары, арнаулы орта оқу орындарына түсуге дайындық

Түлектердің ЖОО, колледждерге түсуі туралы 2 жылдық мәлімет.

«М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназия» мектеп гимназиясында соңғы үш жылдағы оқу бағыты бойынша орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіби білім беру және жоғары оқу ұйымдарына (жаратылыстану-математикалық немесе қоғамдық-гуманитарлық) түскен 11-ші сынып оқушыларының үлесі:

Оқу жылдары	11 –ші сынып оқушыларының саны	Орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіби білім берумен қамтылған түлек саны	% үлесі	Жоғары оқу ұйымдары мен қамтылған түлек саны	% үлесі	Шетелдің жоғары оқу ұйымдарымен қамтылған түлектер саны	% үлесі	Орналаспағандар	% үлесі
2022-2023	105	13	12,4 %	68	64,8%	13	12,4 %	11	10,5%
2023-2024	95	13	13,7%	64	67,4%	6	6,3%	18	18,9%

Мектеп-гимназияда 10-11 сыныптар бойынша ерекше назар аударуды қажет ететін қазақ тілі мен әдебиеті, тарих, математика, физика, химия, биология пәндері бойынша таңдау курстары басты назарға алынған.

Мектеп бітірушілерге болашақ өз бағдарларын таңдау жөнінен көмек көрсету барысында жоғары оқу орындары және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарымен тығыз байланыс жасалуда. Олардың ашық есік күндері, кездесулер (онлайн және офлайн) және педагогтер арасында іс-тәжірибелер үнемі ұйымдастырылып отырады.

Мамандық түрлері туралы оқушы таным-білімін кеңейту бағытындағы жұмыстар да жүйелі жүргізіледі.

Осы орайда мектеп-гимназиясының соңғы үш жылдағы оқу бағыты бойынша орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіби білім беру және жоғары оқу ұйымдарына (жаратылыстану-математикалық немесе қоғамдық- гуманитарлық) түскен 11-ші сынып оқушыларының үлесіне тоқталар болсақ төмендегіндей көрсеткіштер көруге болады.

Оқу жылы	11-сынып түлектері	ЖОО грантқа түскенді	ЖОО ақылы оқуға	Техникалық және кәсіби білім	Шет елге оқуға түскендер	Орналаспағандар
----------	--------------------	----------------------	-----------------	------------------------------	--------------------------	-----------------

	нің саны	ер саны	түскен дер саны	беру ұйымдарын а түскен түлектердің саны		саны	жұмыс	әскер
				гран т	ақы лы			
2022-2023	105	38	30	8	5	13	11	0
2023-2024	95	37	27	4	9	6	8	4

Соңғы екі жылда, негізгі білімнен кейінгі 9-сынып түлектерінің үлесі

Оқу жылы	9-сынып түлектерінің саны	Мектепте оқуды жалғастырды	Техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарына түскен оқушылардың жалпы саны	Грантқа түскендер саны	Ақылы оқуға түскендер саны	Басқа мектепке ауысып, оқуды жалғастырғандар
2022-2023	208	129	63	48	15	16
2023-2024	267	187	80	42	38	24

2022-2023 оқу жылын 208 оқушы білім сапасын 56,67 % аяқтап, 208 оқушы 3 пән бойынша мемлекеттік емтиханды 68,30% пайызға тапсырды. +11,63% өсім динамикасы. 2 оқушы денсаулығына байланысты білім басқармасының бұйрығымен мемлекеттік емтиханнан босатылды.

2023-2024 оқу жылын 267 оқушы білім сапасын 51,37 % аяқтап, 287 оқушы 3 пән бойынша мемлекеттік емтиханды 65,63% пайызға тапсырды. +14,26% өсім динамикасы. 3 оқушы денсаулығына байланысты білім басқармасының бұйрығымен мемлекеттік емтиханнан босатылды

Оқу жылы	Мектепте оқуды жалғастырды	Техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарына түскен оқушылардың жалпы % үлесі	Грантқа түскендердің % үлесі	Ақылы оқуға түскендердің % үлесі	Басқа мектепке ауысып, оқуды жалғастырғандар %
2022-2023	61,72%	30,28%	27,07%	10,18%	7,21%
2023-2024	70,03%	29,96%	15,73%	14,23 %	8,98%

Мектеп-гимназиясында 10-11 сыныптар бойынша ерекше назар аударуды қажет ететін қазақ тілі мен әдебиеті, тарих, математика, физика, химия, биология пәндері бойынша таңдау курстары басты назарға алынған.

Мектеп бітірушілерге болашақ өз бағдарларын таңдау жөнінен көмек көрсету барысында жоғары оқу орындары және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарымен тығыз байланыс жасалуда. Олардың ашық есік күндері, кездесулер (онлайн және офлайн) және педагогтер арасында іс-тәжірибелер үнемі ұйымдастырылып отырады.

Мамандық түрлері туралы оқушы таным-білімін кеңейту бағытындағы жұмыстар да жүйелі жүргізіледі.

Осы орайда мектеп-гимназиясының соңғы екі жылдағы оқу бағыты бойынша орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіби білім беру және жоғары оқу ұйымдарына (жаратылыстану-математикалық немесе қоғамдық- гуманитарлық) түскен 9-шы сынып оқушыларының үлесіне тоқталар болсақ төмендегіндей көрсеткіштер көруге болады.

№	Сынып	Жалпы оқушы саны	Грант	Ақылы	Басқа мектепке кеткені	Мектепте қалғаны
	9 «А»	29	2	2	0	24
	9 «Ә»	29	2	5	3	16
	9 «Б»	29	6	1	5	18
	9 «В»	30	4	4	3	19
	9 «Г»	30	5	2	1	22
	9 «Ғ»	29	10	10	1	8
	9 «Д»	30	5	6	1	18
	9 «Е»	30	4	5	5	16
	9 «Ж»	31	1	3	4	23

11-сыныптар бойынша барлық оқушы саны-95. Оның ішінде грантқа түскені-41, ақылы оқу орнына түскені-36, шет елге-6, әскерге-4, орналаспағаны-8 оқушы.

№	Сынып	Жалпы оқушы саны	Грант	Ақылы	Шет елге кеткені	Әскерге кеткені	Орналаспағаны
1	11 «А»	24	7	13	1	3	0
2	11 «Ә»	24	9	6	2	0	7
3	11 «Б»	23	12	8	1	1	1
4	11 «В»	24	13	9	2	0	0

Өзін-өзі бағалаудан келесі қорытындылар жасауға болады:

1. Тереңдетілген, типтік деңгейдегі пәндер бойынша оқу бағдарламасы толығымен орындалды;
2. Бейіндік оқыту оқушылардың жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерді ескере отырып жүргізілді;
3. 11-сыныпта тереңдетілген, стандартты деңгейде білім беру 10-сыныпта таңдалған пәндер бойынша жалғасын тапты;
4. Вариативтік компоненттің элективті курстары мен элективті пәндері типтік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.

Мемлекет	2024-2025 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
Қазақстан		80	68
АҚШ		2	
Ресей			2
Чехия		2	1
Польша		1	
ОАЭ			1
Қытай			1
Түркия		2	7
Барлығы		86	80


4.6 Халықаралық ынтымақтастық. Халықаралық бағдарламаларды енгізу


Білім беру жүйесінің әлеуметтік әріптестік қағидаты мектеп оқушыларының дамуына жағдай жасай отырып, барлық тараптардың мүдделілігі негізінде қалыптасатын, мектеп тарапынан ұйымдастырылатын ерікті және өзара тиімді тең құқықты субъектілер қатынастары негізінде іске асырылуы тиіс. Бүгінде әлеуметтік әріптестік - біздің мектеп жұмысының ажырамас бөлігі, ол білім беру және тәрбиелік міндеттерді шешуге көмектеседі.

«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен тығыз ынтымақтастық орнатылған. Оның жұмысына олимпиадалардың тапсырмаларын құрастырушысы және түрлі байқаулардың, зияткерлік жарыстардың, пәндік олимпиадалардың қазылар алқасының мүшелері ретінде педагогтер қатысады, сондай-ақ байқау жеңімпаздары, Қазақстанның намысын халықаралық деңгейде қорғайтын оқушылар да, белсенді қатысады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №139 «Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу, енгізу қағидаларын бекіту» туралы бұйрығы, 2022 жылғы 20 сәуірдегі қалалық сараптама кеңесінің №1 хаттамасының шешімі негізінде және жаңа педагогикалық технологияларды енгізу, Астана Халықаралық университетінің Педагогикалық колледжі -01140700 информатика мамандығы, 011140701 «Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі» Ақпартты жинау, сақтау және зерделеу және өңдеу әдістері» ағылшын тілінде оқыту.Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде білім беру, мәдени әртүрлілік, ғылым, әлеуметтік әділеттілік, табиғатты қорғау және басқа да маңызды аспектілер бойынша қолдау көрсететін және насихаттайтын бағдарламаларды қамтиды. Бағдарламалары мен іс-шараларына қатысу, оқушылары мен педагогтеріне өздерінің білімін, дағдылары мен ой-өрістерін кеңейтуге, сондай-ақ білім және мәдениет саласындағы халықаралық бастамаларға өз үлестерін қосуға мүмкіндік береді. Бұл білім беру процесін қосымша байытады және мектептегі білім беру процесіне қатысушылардың әлемге жаһандық көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Еңбек нарығындағы өзгерген әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен бәсекелестік мамандарды даярлау сапасын едәуір арттыру қажеттігіне қатысты мәселелерді қоюда. Бұл үшін мектеп пен жоғары оқу орындарының күш-жігерін біріктіру талап етіледі. Жоғары оқу орындарымен әріптестік мектепке білім беру қызметтері нарығында бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді. Ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар өткізуге және жоғары оқу орындарының ғылыми жинақтарында мақалалар жариялауға, жоғары оқу орындары студенттерінің кәсіби тәжірибе өтуіне мүмкіндік туды. Жоғары оқу орындары оқытушыларының ақпараттық технологиялар мен нақты ғылымдар саласындағы оқушылардың зерттеу қызметін басқару дәстүрге айналды. Аталған жоғары оқу орындарымен бірлесіп оқушылардың дарындылығын дамыту бойынша жұмыс жүргізілуде, оқушылардың зерттеу қызметіне басшылық жасау шеңберінде онлайн лекторий, топтық және жеке сабақтар форматында оқыту ұйымдастырылуда.



Name /ФИО(Please print / Пожалуйста, напечатайте)	Signature / Роспись	Name of organisation / Название организации (Please print / Пожалуйста, напечатайте)	Date/ Дата (Please print / Пожалуйста, напечатайте)
Сыздықова Базаркуль Сағидиқовна		КТУ «Школа-гимназия №86 имени М.Ауезова» акимата г.Нур-Султан	16.11.2021 г
Толеубекова Асем Амандықовна		КТУ «Школа-гимназия №86 имени М.Ауезова» акимата г.Нур-Султан	16.11.2021 г
Жақалақова Салтанат Қонақбаевна		КТУ «Школа-гимназия №86 имени М.Ауезова» акимата г.Нур-Султан	16.11.2021 г
Толеубаева Самал Жаксылықовна		КТУ «Школа-гимназия №86 имени М.Ауезова» акимата г.Нур-Султан	16.11.2021 г
Нағанова Назгуль Сайлаубаевна		КТУ «Школа-гимназия №86 имени М.Ауезова» акимата г.Нур-Султан	16.11.2021 г

4.6. ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылындарында бастауыш сыныптарда оқу жұмыс жоспарына сәйкес вариативтік компонент есебінен вариативті бөлігі алынып оқушылар дамуының жеке тұлғалық сипатын қамтамасыз ету, олардың өзіндік ерекшелігін оқушылар мен олардың ата-аналарының білімдік сұраныстарын ескеріп, биылғы оқу жылында жүргізіледі деп төмендегі таңдау пәндері жоспарланып, оқу жоспарына енгізілді.

4.7. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсын игеру.

Аталған өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары аралығындағы «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы жүргізіліп жатқандығы анықталды.

Білім берудің маңызды міндеттерінің бірі қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мәселелері болып табылады. Қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру бір реттік түрде емес, тек өмір қауіпсіздігі негіздері курстарын жүйелі оқыту шеңберінде тиімді жүзеге асырылады.

МЖМБС талаптарына және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудан, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес:

- 1-4- сыныптарда "Өмір қауіпсіздігі негіздері" оқу курсын міндетті түрде оқу қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны "Дүниетану" пәні аясында жүзеге асырылады: жылдық оқу жүктемесі бастауыш сынып мұғалімдері үшін 1-3 сыныптарда 6 сағат, 4 сыныпта – 10 сағат.

- 5-9 -сыныптарда дене шынықтыру мұғалімдері арқылы жылдық оқу жүктемесімен 15 сағаттық "Дене шынықтыру" оқу курсы шеңберінде іске асырылуда.

- 10-11 – сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылды. «Өмір қауіпсіздігінің негіздерін» оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

4.8. "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсына іске асыру.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары аралығындағы «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру жұмысы қаралды.

«Жолда жүру ережелері» курс мазмұны 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан, 5-8-сыныптарда "Жол қозғалысы ережелері" 10 сағаттан сынып сағаттарына кіріктіріліп өткізілді. Міндетті оқу курсының сынып сағаттарының тақырыптарына кіріктіріліп «Күнделік» электронды журналына толтырылды. Зерделеу жылдарында міндетті оқу курсы «Күнделік» электрондық журналындағы «Қосымша білім беру» бөлімінің арнайы бетіне енгізілген.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

4.9. Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы

Зерделеу барысында бақыланатын мерзімдегі 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылына арналған білім беру ұйымының оқу жұмыс жоспары мен сабақ кестелері жасалып, бекітілген. Білім беру ұйымының ұсынып отырған сабақ кестесі, оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалған. Оқу жұмыс жоспарында және сабақ кестесінде әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары сақталған. Оқу-тәрбие үрдісіндегі апталық жүктеменің ең жоғарғы көлемімен, сәйкестігі сақталған.

Сынып /қазақ	2022-2023		2023-2024		2024-2025	
	ЖОБ	Гимн	ЖОБ	Гимн	ЖОБ	Гимназ
1 сынып	-	24,5	-	24,5	19,5	-
2 сынып	-	27	-	27	24	27
3 сынып	26	30	26	30	26	30
4 сынып	26	30	26	30	26	30
5 сынып	28,5	33,5	28,5	33,5	28,5	33,5
6 сынып	28,5	33,5	28,5	33,5	28,5	33,5
7 сынып	31,5	36,5	31,5	36,5	31,5	36,5
8 сынып	32,5	37,5	32,5	37,5	32,5	37,5
9 сынып	34	40	34	40	34	40
10 сынып	35	38	35	38	35	38
11 сынып	35	38	35	38	35	38

Кестеде үш оқу жылының апталық жүктемесі ұсынылған.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы жұмыс жоспары мен сабақ кестесі ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 2-қосымшасы 3-тарау 28-тармағы «Бастауыш мектепте білім алушылардың апталық жүктемесінің ең жоғарғы көлемі 27 сағатан аспайды», 3-қосымша 3-тарау 40 тармағы «Негізгі мектепте білім алушылардың апталық жүктемесінің ең жоғарғы көлемі 5 -сыныпта -30,5 сағаттан, 6 сыныпта -30,5 сағаттан, 7 сыныпта 33,5 сағаттан, 8 сыныпта -34,5 сағаттан, 9 сыныпта 36 сағатан аспауы тиіс» 4-қосымшасы 3-тарау 30-тармағы «Орта білім алушылардың апталық жүктемесінің ең жоғарғы көлемі 10 сыныпта -36 сағаттан, 11-сыныпта 36 сағаттан аспауы тиіс талабына сәйкес келеді.

4.10. Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы:

Зерделеу барысында білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентінен құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемін, сондай-ақ ҰОЖ –мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы қаралды. Мектеп-гимназияның 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша жұмыс оқу жоспары жасалып, бекітілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Оқу жұмыс жоспарын, сабақ кестесін қарау барысында пәндер бойынша инвариантты және вариативті компоненттегі оқу сағаттарының жоғары көлемі сақталғандығы анықталды. Зерделенген оқу жылдарындағы жұмыс оқу жоспары білім беру ұйымы тандаған үлгілік оқу жоспарларға сәйкес жасалған. Кестедегі апталық және жылдық сағат сандары вариативтік компонентінің және білім беру деңгейлер бойынша параллель кластарды қоса алып есептелінген:

Оқу жылы	Сынып/комплекті	1-4 сыныптар		Сынып комплекті	5-9сыныптар		Сынып комплекті	10-11сыныптар	
		апталық	жылдық		апталық	жылдық		апталық	жылдық
2022-2023	46	1353,5	48726	48	1857	66852	8	323	11628
2023-2024	50	1423,5	48399	51	1977	67218	10	401	13634
2024-2025	58	1585,5	53907	54	2055	69870	12	486	16524

Сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің инвариантты және вариативті компонент бойынша жалпы көлемі үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді, оқу жүктемесінің ең жоғары шекті көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

4.11. Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау

Зерделеу барысында бақыланатын мерзімдегі білім беру ұйымының сыныптарын, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптардың сақталуы қаралды.

2022-2023 оқу жылында ерекше білім беруді қажет ететін оқушы-16, оның ішінде 1-4 сыныптарда 13 оқушы, 5-8 сыныптарда 3 оқушы;

2023-2024 оқу жылында ерекше білім беруді қажет ететін оқушы-25 оқушы, оның ішінде бастауыш сыныптарда 21 оқушы, орта буында -4 оқушы;

2024-2025 оқу жылында ерекше білім беруді қажет ететін оқушы-21 оқушы, оның ішінде бастауышта – 17 оқушы, орта буында - 4 оқушы;

Барлық зерделеу жылдарында сыныпты екі топқа бөлу қалалық жалпы білім беретін ұйымдарда сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны 20 және одан артық болғанда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2 қосымша 30,31-тармақта, 3 қосымша,3 тарау,43,44-

тармақта, 4 қосымша 3 тарау 33 тармағында көрсетілген пәндер бойынша сынып толымдылығына байланысты барлық сыныптар да топқа бөлініп оқытылады делінген талаптар сақталған. Екі топқа бөліп оқыту талапқа сай жүргізілуде. Топқа бөлініп оқытылатын пәндер «Күнделік» электронды сынып журналында топтарға бөлініп, толтырылған.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу жұмыстары жүргізіліп инклюзивті білім беру талаптарын сақтау шаралары атқарылған. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында бағалау кезеңінде сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптар сақталған.

Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

4.12. Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау.

Аталған өлшем шарт бойынша құжаттар «Күнделік» электрондық журналынан ақпараттық жүйемен зерделенді. Пәндер бойынша оқу бағдарламалары жасалып бекітілген. Оқу бағдарламаларындағы апталық жүктемелер оқу жылына пәндер бойынша 2022-2023 оқу жылында 36 аптаға сәйкес, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында 34 аптаға әзірленген. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында, 2024-2025 оқу жылының 1 оқу тоқсанында оқушыларды қабылдау, ауыстыру, шығару мектеп-гимназия директорының бұйрығымен жүзеге асырылды. Мектеп-гимназия директорының бұйрығымен 1- сыныпқа қабылдау, 10- сыныпқа қабылдау бұйрықтары шығарылып, оқушылар жинақталған. Білім беру ұйымынан шыққан барлық оқушының басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талондары бар, жинақталған. Оқушылар басқа білім ұйымдарына ауысуына, мектеп бітіруіне байланысты оқушы құрамынан мектеп-гимназия директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырды. Оқу жылында мектеп директорының бұйрығымен оқушы 1- сыныпқа оқушылар қабылданып, 11-сыныптан шығарылды. Білім беру ұйымының аумағында тұратын барлық балалар қабылданып, сынып жинағы қалыптастырылды. Бастауыш білім берудің деңгейінде оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – төрт жыл, Негізгі орта білім беру деңгейінде оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл, Жалпы орта білім беру деңгейінде оқу бағдарламасын игеру мерзімі – екі жыл.

4.13. Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау

Оқу жылдарында сыныптар бойынша білім беру жүзге асырылып өткізілген пәндер сынып журналдарында көрсетілген.

2022-2023 оқу жылының басталуы -2022 жылғы 1 қыркүйек. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарды- 35 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда -36 оқу аптасы; 2-11 сыныптарда сабақ ұзақтығы - 40 минут 1 сыныптардың оқу сабақтарының режимі; қыркүйекте –күніне 35 минуттан 3 сабақ, қазан айынан бастап 40 минут. Оқу жылындағы каникул кезеңдері: 1-11-сыныптарда: күзгі каникул 7-күн (2022 жылғы 31 қазан -6 қараша аралығында), қысқы каникул - 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул - 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында); 1 сыныптарда –қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында);

2023-2024 оқу жылының басталуы – 2023 жылғы 1 қыркүйек. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 апта, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасы. Оқу жылының каникул кезеңдері: 1-11 сыныптарда: күзгі демалыс-7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қараша қоса алғанда), қысқы демалыс- 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі демалыс – 11 күн (2024 жылғы 21 наурыздан бастап 31 наурызды қоса алғанда). 2-11 сыныптарда сабақ ұзақтығы -40 минут.

1 сыныптардың оқу сабақтарының режимі; қыркүйекте –күніне 35 минуттан 3 сабақ, қазан айынан бастап 40 минут. 1-сыныптарда қосымша демалыс – 7 күн (2024 жылғы 5 ақпаннан 11 ақпанды қоса алғанда).

2024 – 2025 оқу жылы "Орта білім беру ұйымдарында 2024 – 2025 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы "Білім туралы" Қазақстан

Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығына және Астана қаласы Білім басқармасының 2024 жылғы 02 тамыздағы № 1453 бұйрығына сәйкес

2024 – 2025 оқу жылының басталуы 2024 жылғы 1 қыркүйек.

Педагогикалық кеңестің шешімімен сабақ уақыты 40 минуттық.

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

Барлық сыныптарда оқу жылының ұзақтығы мен оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығының талаптары сақталған.

5.ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР

5.1. бастауыш, негізгі орта, жалпы орт білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау

5.2. ғимарат туралы мәліметтер (*ғимарат түрі, салынған жылы, жобалық қуаты, ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі және т.б.*)

Ғимарат түрі-типтік. Ғимараттың салынған жылы-2019 жылы. Нысанның жобалық қуаттылығы: 1200 орын. Мектеп-гимназия төрт қабатты ғимаратта орналасқан. Оқу процесі жалпы ауданы 12895,3 шаршы метр ғимаратта ұйымдастырылған, оқу және пайдалы алаңы 3,7618 га. Жалпы мектеп бойынша 68 кабинет бар. Қазіргі таңда ғимаратты ағымдағы жылда күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі жоқ.

5.3. білім беру қызметтерінің (*кабинеттер, дәріс аудиториялары, практикалық сабақтарға арналған үй-жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер, мамандықтар бойынша шеберханалар, актілік және дене шынықтыру*) сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу, жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер әлеуметтік-тұрмыстық және өзге де мақсаттағы залдар (*өткізу пункттері, санитариялық тораптар (унитаздар, жуу раковиналары*), білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы, тұру үшін жағдайлардың болуы)

Ұсынылған құжаттар бойынша меншік құқығында тиесілі материалдық активтер бар. Мектеп-гимназия ғимаратының техникалық паспорты бар. Мектеп-гимназияның <http://86mektep.edu.kz> сайты.

Нысанның жобалық қуаттылығы: 1200 орын. Мектеп төрт қабатты ғимаратта орналасқан. Оқу процесі жалпы ауданы 12895,3 шаршы метр ғимаратта ұйымдастырылған, оқу және пайдалы алаңы 3,7618 га. Жалпы мектеп бойынша 68 кабинет, орта және жоғары сыныптарға қажетті жиһазбен, оқу, көрнекі құралдармен, компьютерлермен, интерактивті тақталармен жабдықталған. Әр сыныпта білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес орташа есеппен алғанда 26 оқушы. Сыныптар топтарға бөлінеді. Мектепте жалпы ауданы 803,8 шаршы метрді құрайтын 2 спорт залы бар. Кітапхананың жалпы ауданы 131,4 шаршы метр, 48 орындық. Мектепте 3 спорт алаңы бар: футбол, волейбол, жасанды баскетбол және резеңке жабындысы бар жүгіру жолы. Қазіргі таңда мектептің техникалық жағдайы қанағаттанарлық, барлық кабинеттер өз мақсатына сай пайдаланылуда.

Мектеп-гимназияда 3 спорт алаңы бар: футбол, волейбол, жасанды баскетбол және резеңке жабындысы бар жүгіру жолы. Жалпы ауданы 803,8 шаршы метрді құрайтын 2 спорт залы бар. Қазіргі таңда мектептің техникалық жағдайы қанағаттанарлық, барлық кабинеттер өз мақсатына сай пайдаланылуда.

Мектеп-гимназияда құрал-жабдықтар мен оқу құралдарының тізімі жеткілікті, мектеп жиһаздарымен қамтамасыз етілген, оқу кабинеттері толық жабдықталған (жабдықтау жыл сайын жүргізіледі, сондықтан 2020-2021 жылдары мектеп кітапханасы, мұғалімдер бөлмесі, оқушыларға арналған заман талабына сай жаңа дизайнмен жасақталды. 2022-2023 оқу жылында химия, информатика, қазақ тілі кабинеттері, қосымша компьютерлер, ноутбуктер және т.б. алынады). 2022 жылы биология кабинеті - 11 183 337,76, 2023 жылы физика кабинеті - 13 778 377,76, 2024 жылы химия кабинеті - 11 790 917,12, қазақ тілі кабинеті - 15 077 057,44 осындай оқу кабинеттері жасақталды. Барлық кабинеттер функционалдық мақсатында сай жұмыс істейді. Барлығының төбелерімен қабырғалары тегіс бетті, саңылаулары, жарықтары деформациялары жоқ, зақымдану белгілері жоқ. Барлық кабинеттерде еден беті тегіс, еден жабындары линолеум, ылғалды өңдеуге және дезинфекциялауға мүмкіндік береді. Мектеп-

гимназия кабинеттер мұғалімнің жұмыс үстелдері мен арқалары бар орындықтармен, оқушылардың парталар мен орындықтар бойымен жасына сәйкес келеді, барлық кабинеттер таза ұсталады.

Мектеп-гимназияда орталықтандырылған салқын ауыз сумен, ыстық сумен жабдықталған. Су құбыры және кәріз жүйесі жақсы жағдайда, орталықтандырылған.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу пәндері кабинеттерімен, интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен, оқу-зертханалық жабдықтармен жабдықталған.

Мектеп-гимназия маңайында үй-жайда да, іргелес аумақта да тәулік бойы бейнебақылау жүйелерімен жабдықталған, терроризмге қарсы немесе басқа да қауіпсіздік шараларын орындау мақсатында «Дабыл батырмасы» орнатылған. Дабыл беру құралдары (дабыл түймелері) ішкі істер органдарының жедел басқару орталығына қосылған, күзет қызметтерін көрсетуге лицензиясы бар «DI Sekuriti» күзет қызметі субъектісімен шарт жасалған. Автоматты өрт дабылы, ескерту және эвакуацияны басқару жүйелері, кіші және жоғары сыныптарға арналған жеке кіретін мен шығатын жерлер бар. Күнделікті мектепте оқушылар мен барлық қызметкерлердің денсаулығын бақылайтын медициналық қызметкерлер жұмыс істейді. Эвакуациялық план-жоспарлар әрбір қабаттың дәлізінде орнатылған. Дабыл жүйесі мектеп-гимназияда жаттығу мақсатында жоспарлы түрде оқу-жаттығу шаралары өткізіледі.

Мектеп-гимназияда «Профессионал» ЖК орнатқан «Отан-мектеп» турникет компаниясы кіру және шығу жүйесін басқару платформасы жұмыс істейді.

Материалдық активтер ҚР ДСМ № 76 бұйрығымен бекітілген Санитариялық қағидалар мен өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес.

Мектеп-гимназия ғимаратында 1 өрт сөндіру бекеті (стационарлық өрт қалқаны) орнатылған. Мектептің артқы жағында № 6 шығудың жанында өрт гидранты бар. Өрт қауіпсіздігі бойынша ақпараттық тақта орнатылды. Мектеп-гимназия ғимаратында 41 дана ОП-5 және ОП-10 типті ұнтақты өрт сөндіргіштер орнатылды. Талдау үшін ұсынылған деректерден алынған мәлімет бойынша мектептің өрт қауіпсіздік шаралары талапқа сай орындалған. Оқу кабинеттерінде, барлық қабаттың дәліздерінде өрт сөндіру құралдары бар.

№	Кабинет атауы	Саны
1	Физика	2
2	Химия	2
3	Биология	2
4	Қазақ тілі мен әдебиеті	3
5	Орыс тілі мен әдебиеті	3
6	Шетел тілі	6
7	Информатика	4
8	АЭТД	1
9	Психология	1
10	Зертхана	3
11	Медициналық кабинет	1
12	STEM	1
13	География	2
14	Математика	3
15	Басқа оқу кабинеттері	6
16	Кәсіпкерлік кабинет	4
17	Бастауыш сынып кабинеті	20
18	Тарих	3
19	Әлеуметтік педагог	1

№ҚР ДСМ-76 бұйрықпен бекітілген ауыз су бұрқақтарының болуы:

ҰБДҚ-нан алынған мәлімет бойынша білім беру ұйымы ыстық сумен, салқын сумен қамтамасыз етілген. Білім беру ұйымының 1,2,3,4- қабаттарында ауызсуға арналған су бұрқақ орналасқан. Сонымен қатар жеке кабинеттерде және мед кабинетте, асханада - диспенсер орнатылған.

Ғимаратта № ҚР ДСМ-76 бұйрыққа сәйкес санитариялық тораптардың (унитаздар, қол жуғыштар) болуы.

Мектеп-гимназияда қыз балаларға және ер балаларға арналған арнайы бөлек дәретханалар туралы, олардың қыз балалар мен ер балалар дәретханасы кабиналарға бөлінгендігі туралы ҰБДҚ-да көрсетілген.

Әр қабатта қыздар мен ұлдарға арналған санитарлық тораптар бар.

Әрбір санитарлық бөлімде нысанда дәретхана-58, қол жуғыш - 126 , әр дәретхана мен кабинеттердегі қол жуғыштардың әрқайсының жанына сұйық сабын таратқыштар мен қол кептіргіштер бар. Оқушыларға арналған дәретханалар жабық кабинкаларда орналасқан.

Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін № 32 және № 49 бұйрықтарға сәйкес білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы.

Білім беру ұйымында жалпы 68 бейнебақылау камерасы орналасқан. Оның ішінде мектеп-гимназия дәліздері, асхана, акт залы, спорт залдарына, оқушылар көп шоғырланатын жерлерде 44 ішкі бейнебақылаумен, мектеп-гимназияның сыртқы территориясы 24 бейнебақылау камераларымен қамтылған.

5.4. Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер:

Аталған критерийді бақылау мектеп ұсынған 10-қосымша мен ҰБДҚ басшылыққа алынды. ҰБДҚ-да көрсетілгендей медпункт саны – 1.Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер 3 - қосымша арқылы зерделенді.

Балаларға медициналық көмекті мектеп-гимназия медбикелері: Серікова Ж.С., Турдибаева С.С., Маханова С.С. көрсетеді. Мектеп-гимназия оқушыларына вакцинация жүргізуге рұқсат және сертификатқа ие. Мектеп-гимназия 10.11.2016 жылы Астана қаласының Денсаулық сақтау басқармасы берген № 24027911 сериялы мемлекеттік лицензияға сәйкес. № 15 емханамен бірлесіп медициналық қызметті жүргізеді. Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының 04.09.2024 жылғы.

Медициналық блок барлық қажетті жабдықтармен жабдықталған. Дәрігерлік және екпе кабинеттері бар. Медициналық блоктың жалпы ауданы 33,1 ш.м. (дәрігер кабинеті, емдеу бөлмесі, изолятор, стоматологиялық кабинет, санитарлық торап).

Қабырғалары керамикалық плиткамен қапталған. Жарықтандыру аралас түрде: жасанды (флуоресцентті шамдар) және табиғи (бір терезе). Бөлмеде жиһаз орналастырылған: дәрі-дәрмектерге арналған медициналық металл шкаф, үстел, 2 орындық, диван, бактериялық препараттарды сақтауға арналған таңбаланған сөрелері бар хладоэлементтері, тоңазытқыш, МИБП тасымалдауға арналған 1 термоконтейнер, екпелерді қоюға арналған аспаптық үстел және БЦЖ қоюға арналған жеке манипуляциялық үстел, бактерицидтік шам, диван, аспаптық үстел, қол жуғыш, КБУ, өндеуге арналған контейнерлер . Барлық қажетті құралдар мен қосалқы материалдар бар (шприцтер, термометрлер, бикстер, пинцеттер, бір реттік шпательдер және т. б.).

Қабылдау бөлмесінің төбесі мен қабырғалары жууға болатын су негізіндегі бояумен боялған, едені керамикалық плиткамен жабылған, жарықтандыру аралас түрде: жасанды (люминесцентті шамдар) және табиғи (бір терезе). Кабинетте: 2 үстел, 2 орындық, медициналық таразы және бой өлшегіш, оқушылардың құжаттарын сақтауға арналған 4 ағаш шкаф орналасқан. Оқшаулау бөлмесі: қабырғалары керамикалық плиткамен қапталған, едені линолеуммен қапталған, аралас жарықтандыру: жасанды (флуоресцентті шамдар) және табиғи (бір терезе).

Барлық педагог қызметкерлер, медицина қызметкерлері, жалпы қызметкерлердің жұмысқа рұқсаты бар санитарлық кітапшалары бар. Әр оқушыға медициналық карта және «Бала денсаулығы паспорты» бар.

Білім алушыларға дәрігерге дейінгі және білікті медициналық көмек білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету стандартына сәйкес жүзеге асырылады. Медицина қызметкерлері ҚР Профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес балалар мен жасөспірімдерді вакцинациялау, жедел медициналық көмек көрсететін медицина қызметкерлері келгенге дейін шұғыл жағдайларда алғашқы көмек көрсету, кейіннен ауруханаға жатқызу немесе емханада амбулаториялық емделуге жіберу (қажет болған жағдайда); аурулардың алдын алу бойынша оқыту семинарларын, тренингтер мен дәрістер өткізуді ұйымдастыру бойынша іс-шаралар өткізеді. Оқу жылы ішінде № 15 емхананың медицина мамандары: педиатр, хирург, невропатолог, көз дәрігері, отоларинголог, эндокринолог, психолог оқушылардың денсаулық жағдайына медициналық бақылау (кәсіптік тексеру) жүргізеді. Сондай-ақ медицина мамандарды шақыра отырып, толық медициналық тексеру (зертханалық тексеру, флюорография) және жалпы қаралым өтініші бойынша оқушыларға амбулаториялық қабылдау жүргізіледі.

Медициналық блоктың материалдық-техникалық базасын толықтыру жөніндегі жұмысты жалғастыру, дәрілік және медициналық бұйымдарды сақтау және кәдеге жарату нормаларының сақталуына ай сайын бақылау жүргізіледі.

5.5. edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы туралы мәліметтер:

«Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясы» edu.kz доменімен 86mektap@edu.kz электронды поштасы арқылы қызмет көрсетеді /Келісім шарт 2024-01-10 күні №27/.

5.6. Жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың болуы туралы мәліметтер:

Білім беру ұйымы тарапынан 9 қосымшаға ұсынылған, кітап шкафтарының саны көрсетілген. Бастауыш сыныптарға киім ілінетін шкаф пен жеке металл шкафтары балаға 400 дана. Өзін-өзі бағалау анықтамасында № 70 бұйрықпен бекітілген жабдықтар мен жиһаздардың болуы туралы кестемен мәлімет берілген, онда барлық оқу құрал -жабдықтары, зертханалық құрал -жабдықтар, спорт құралдары, жиһаздар туралы мәліметтер тізіммен толықтай ұсынылған.

5.7.Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер:

"Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес мектеп-гимназияда ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін пандуспен тактильді белгілер, баспалдақтар, арнайы әжетханамен жабдықталған және екі жақты тұтқа бар (жарақаттамайтын, үстінен және астына көлденең аяқталған) (ҰБДБ базасы бойынша). Арнайы мамандар педагог – ассистент, психолог, логопед, әлеуметтік педагогтармен қамтамасыз етілген. Берілген мәліметтер суреттерімен қоса берілген.

Ерекше білім беруді қажет ететін адамдар мен балалар үшін пандус жасақталған және де бір қоңырау шалу түймесі бар, мектеп-гимназияға кіреберіс есіктердің жанында мекеменің атауы жазылған тактильді тақта орнатылған есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен боялуда. Мектеп-гимназияға кіре берісте бағыты бар тактильді жолдар орнатылған.

5.8.білім беру ұйымдарының жабдықтарымен және жиһаздарымен, оқу-зертханалық жабдықтармен және техникалық оқыту құралдарымен жарактандырылуы туралы мәліметтер:

Мектепте құрал-жабдықтар мен оқу құралдарының тізімі жеткілікті, мектеп жиһаздарымен қамтамасыз етілген, оқу кабинеттері толық жабдықталған (жабдықтау жыл сайын жүргізіледі, сондықтан 2020-2021 жылдары мектеп кітапханасы, мұғалімдер бөлмесі, оқушыларға арналған

заман талабына сай жаңа дизайнмен жасақталды. 2022-2023 оқу жылында химия, информатика, қазақ тілі кабинеттері, қосымша компьютерлер, ноутбуктер және т.б. алынады). 2022 жылы биология кабинеті - 11 183 337,76, 2023 жылы физика кабинеті - 13 778 377,76, 2024 жылы химия кабинеті - 11 790 917,12, қазақ тілі кабинеті - 15 077 057,44 осындай оқу кабинеттері жасақталды.

5.9. Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер:

Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы **2022-2023 , 2023-2024, 2024-2025** оқу жылдарына ұсынылған 4 қосымша арқылы зерделенді.

2022-2023 , 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында мектеп-гимназия асханасының санитарлық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтану объектісінің болуы туралы мәлімет 11-қосымшаға сәйкес беріліп, білім беру ұйымының басшысының қолы қойылып, мөрі басылған. Білім алушыларға арналған мектепте тамақтану объектісі бар. Мектеп-гимназия асханасы 380 орынға арналған. Оқу корпусында орналасқан. Асхана қажетті құрал – жабдықтармен жабдықталған. (суреттері қоса жалғанған) ҰБДҚ бойынша асхананың жабдықтармен және ыдысаяқтармен жабдықталуы -100%.

Жабдықтар бойынша тоңазытқыш -6 , электр плита -2 , (4 камфорлы), электр қазандығы – 3, Электр табалары- 2, стол - 60 , орындық - 350 , қуыру шкафы -5 , ет тартқыш - 1, нан кескіш -1, ыдыс жуатын машина -1;

2023 -2024 оқу жылынан бастап бастауыш сынып оқушылары тегін тамақпен қамтамасыз етілген.

Осылайша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 (өзгертілген 2024 жылғы 27 ақпандағы № 47) бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі» талапқа сәйкес келеді.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар: бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау

6.1.Оқу және көркем әдебиеттің кітапхана қорының болуы туралы мәліметтер: Осы критерий бойынша білім беру ұйымының кітапхана қоры туралы мәліметтері 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша зерделенді.

Білім беру ұйымында кітапхананың жалпы ауданы 131,4 шаршы метр, 48 орындық.

Мектеп-гимназия кітапханасы кітапхана қорын толықтыру және өңдеу процесін толық автоматтандыруға және жүйелеуге, электрондық каталогтардың дерекқорларын құруға және олар бойынша ақпарат іздеуді қамтамасыз етуге арналған. Барлық оқу және көркем әдебиеттер цифрланған, штрих-код бар. Мектеп –гимназия кітапханасының қоры білім беру мекемесінің білім беру бағдарламаларына сәйкес құрылады. 2022-2023 оқу жылына қажетті оқу әдебиеттерін қамтамасыз ету барлық кітап қоры – 59 137, көркем әдебиет – 952, оқулық - 58 185.

№	Атауы	2022-2023жж	2023-2024жж	2024-2025жж
1	Жалпы кітапхана қоры	26827	40222	59137
2	Кітап қоры	537	952	952
3	Оқулық қоры	26290	39270	58185
4	Оқырмандар саны	615	1008	100
5	Келу саны	5535	3024	900
6	Кітап беру	10455	21168	1700
7	Оқу мүмкіндігі	17 %	21 %	17 %
8	Сабаққа қатысу	9 %	9 %	9 %
9	Кітап қорының айналымы	0,3 %	0,5 %	0,02 %
10	Кітаппен қамтамасыз ету	0,9 %	0,9 %	9,5 %
11	Оқулықтармен қамтамасыз ету	100%	100%	100%

2022 жыл көркем әдебиет саны- 537 шт, бағасы- 1 669 921,44

2023 жыл көркем әдебиет саны – 415 шт, бағасы – 1 824 748,24

2022 жыл оқулық саны - 26 290 шт, бағасы - 42 919 330

2023 жыл оқулық саны – 13 040 шт, бағасы – 29 272 380

2024 жыл оқулық саны – 18 855 шт, бағасы – 51 164 440

Кітапхана қоры сыйлық кітаптарымен – қосымша әдебиеттермен және анықтамалықтармен толықтырылады. Жыл сайын кітапханада «Менің сүйікті кітабым», «Ертегі әлемі», жазушылардың мерейтойына, Жеңіс күніне, Мұғалімдер күніне арналған түрлі тақырыптарда тақырыптық кітап көрмелері өткізіледі. Түрлі ойын интеллектуалды викториналары өткізіледі. Оқушылардың оқу белсенділігі мен оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін «кітапхана лотереясы» өткізіледі, онда оқушылар оқыған кітабы үшін бір лотерея, екі кітап үшін екі лотерея және т.б. ала алады, онда оқушыға ұтыс лотереясы бойынша оқылған кітабы туралы айтуға мүмкіндік беріледі. Мұғалімдерге жалпы мектептік іс-шараларды, сынып сағаттары мен педагогикалық кеңестерді өткізуде, конкурстарға дайындалуда көмек көрсетіледі. Кітапхана оқырмандар мен пайдаланушылардың мүдделерін барынша ескеруге тырысады: демалыс кезінде оқу үшін көркем және оқу әдебиеттерін беру, мектеп оқушылары мен педагогтарын педагогикалық және оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етеді. Оқытудың толық циклі бойынша білім алушылар контингентіне қатысты оқу әдебиетінің қоры 100%.

Кітап қоры бойынша оқулық қоры мектепте жеткілікті екені анықталды. Осылайша, білім беру ұйымындағы "Мемлекеттік білім беру ұйымдары кітапханаларының қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 бұйрығымен бекітілген нормаларға және «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықпен бекітілген оқулықтар тізбесіне сәйкес оқу және көркем әдебиет кітапханалық қоры талаптарға сай.

6.2. Интернет желісіне қосылған компьютерлердің (шағын жинақты мектептерді қоспағанда) компьютерлік сыныптарының болуы туралы мәліметтер:

Мектеп-гимназияның оқу-тәрбие үрдісінде компьютерлік техниканы, ақпараттық коммуникациялық технологияны қолдану тұрғысында сапалы жаңа деңгейге көшу, цифрлық сауаттылықты арттыру мақсатында жасалған «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы жүйелі жүзеге асырылуда.

Мектеп-гимназияда 774 компьютер бар, оның ішінде 112 компьютер, 300 нетбук, 60 планшет, 5 интербелсенді тақта, 21 интербелсенді панелі және 4 информатика кабинеттері бар.

Интернет желісіне кіру 1 нүктесі бар. Информатиканың 4 кабинеті және барлық оқу кабинеттері Интернет желісіне қосылған. Жеткізуші «Қазақтелеком» АҚ –мен 100 Мбит/с жылдамдықтағы интернетпен қамтамасыз ету бойынша екі жақты шарт жасалды.

Мектепте Microsoft Teams, Academia.kz / Келісім шарт 2024-01-17, №30/6/, Tester.kz платформасы, nobd.iac.kz сайты мен Kundelik.kz сайттары жұмыс жасайды. Сонымен қатар <https://oqulyqtar.kz/> электронды оқулықтар сайттары мен де жұмыс жүргізілуде.

«Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясы» edu.kz доменімен 86mektap@edu.kz электронды поштасы арқылы қызмет көрсетеді /Келісім шарт 2024-01-10 күні №27/.

Мектеп-гимназияның 86mektap.edu.kz сайты, @MukhtarAuezovmektap86 - YouTube канал, 86mektapgimnazia - Instagram, facebook.com/100063305945449 - Фейсбук парақшалары арқылы жыл бойы жаңалықтарын жариялайды.

